



БЕКІТІЛГЕН:
2020 жылғы «15» желтоқсан
Жалғыз акционердің шешімімен

УТВЕРЖДЕН:
Решением Единственного
акционера от «15» декабря 2020 года

**«First Heartland Jýsan Bank»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

**У С Т А В
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«First Heartland Jýsan Bank»**

Алматы қаласы, 2020ж.
город Алматы, 2020г.

**СМОТРИТЕ
НА ОБОРОТЕ**

Осы Жарғы бұдан әрі «Банк» деп аталатын «First Heartland Jýsan Bank» акционерлік қоғамының құқықтық мәртебесін, ұйымдастыру және қызмет ету негіздерін, сондай-ақ Банктің қызметінің тоқтатылу шарттарын айқындайтын құжат болып табылады.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Банктің толық және қысқартылған атауы:
мемлекеттік тілде – «First Heartland Jýsan Bank» акционерлік қоғамы;
орыс тілінде – Акционерное общество «First Heartland Jýsan Bank»;
ағылшын тілінде «First Heartland Jusan Bank» Joint stock company;
Банктің қысқартылған атауы:
мемлекеттік тілде – «Jýsan Bank» АҚ;
орыс тілінде - АО «Jýsan Bank»;
ағылшын тілінде «Jusan Bank» JSC.

1.2. Банк – осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға.

Банк Банкке қосылу жолымен қайта ұйымдастырылған «First Heartland Bank» акционерлік қоғамының (БСН 940140000513) барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

Банктің меншік құқығында оқшауланған мүлкі бар және осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып ала алады және жүзеге асыра алады, сотта қуынушы және жауапкер бола алады. Банктің дербес балансы және корреспонденттік шоттары бар.

Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында Банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау органының (бұдан әрі - уәкілетті орган) банк операцияларын жүргізуге берген лицензиясының болуымен айқындалады.

Банктің мөрі болуы, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті бланкілері, эмблемалары және өзге де деректемелері болуы мүмкін.

1.3. Банктің атқарушы органының (Басқарманың) орналасқан жері: пошта индексі А26F8Т9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242 үй.

1.4. Банктің меншік формасы – жеке.

1.5. Банк қызметін жүзеге асыру барысында Конституцияны және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттарды (келісімдерді), сондай-ақ заңнамалық актілер мен Қазақстан Республикасы Президентінің өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша актілері негізінде және оларды орындау үшін шығарылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны, Акционерлердің жалпы жиналысының, Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

1.6. Банктің өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі бар және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банк өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

Банк акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Банк қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

1.7. Банк немесе мемлекет өзіне осындай жауапкершілікті қабылдайтын жағдайларды қоспағанда, Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

1.8. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де өзінің еншілес ұйымдарын құруға және өкілдіктер, филиалдар мен бөлімшелер (Бас банк пен филиалдар жанында) ашуға құқылы.

1.9. Банк қызметінің мерзімі шектелмейді.

2. БАНКТИҢ БАНКТИК ЖӘНЕ БАСҚА ҚЫЗМЕТІ

2.1. Банк қызметінің мақсаты - табыс алу.

2.2. Банк уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдардың лицензиялары болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық немесе белгілі бір банктік және өзге де операцияларды ұлттық валютада да, шетел валютасында да жүзеге асырады.

2.3. Банк уәкілетті органның лицензиясы болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2.4. Банк Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген лицензияланбайтын қызметтің барлық түрлерін жүзеге асырады.

Егер қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың (лицензиардың) арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болса, Банк қызметтің осы түрін тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты) белгіленген тәртіппен және оларға сәйкес алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

3. БАНКТИҢ МҮЛКІ ЖӘНЕ КАПИТАЛЫ

3.1. Банктің мүлкі оған меншік құқығында тиесілі.

Банктің мүлкін қалыптастыру көздері:

- акцияларды сатқаннан түскен қаражат;

- оның қызметінен алынған кірістер;

- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған өзге де көздер.

3.2. Банктің Жарғылық капиталы құрылтайшылардың акцияларды олардың номиналды құны бойынша және инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі.

3.3. Банктің акциялары орналастырылған кезде тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен төленуі тиіс.

3.4. Банктің Жарғылық капиталын ұлғайту Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

3.5. Банктің реттеуші меншікті капиталы – Банк инвестицияларын шегергендегі капитал сомасы. Банктің реттеушілік меншікті капиталын және инвестицияларын есептеу әдістемесін уәкілетті орган айқындайды.

3.6. Банк қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу мақсатында Банк резервтік капиталды қалыптастырады. Резервтік капитал жай акциялар бойынша дивидендтер төлегенге дейін Банктің таза кірісі есебінен құрылады. Банктің резервтік капиталының ең аз мөлшерін уәкілетті орган белгілейді.

Егер қандай да бір төлемдердің нәтижесінде Банктің резервтік капиталы уәкілетті орган белгілеген мөлшерден аз болған жағдайда, Банк резервтік капиталды көрсетілген шамаға дейін толықтыру үшін аударымдарды қайта бастауға міндетті. Банктің залалдары резервтік капитал қаражаты есебінен, ал олар жеткіліксіз болған кезде – Банктің басқа да меншікті қаражаты есебінен өтеледі.

3.7. Банк түрлері мен пайдалану тәртібін Банктің Директорлар кеңесі айқындайтын өзге де қорларды қалыптастырады.

3.8. Жүргізілетін операциялардың сипаты мен ауқымына сәйкес өз қызметін бақылаудың тиісті деңгейін және сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен және шарттарда оларға қарсы провизиялар (резервтер) құра отырып, берілген кредиттер мен басқа да активтерді жіктеуді жүзеге асырады.

4. БАНК АКЦИЯЛАРЫ. БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІ. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ

4.1. Банк жай және артықшылықты акциялар шығарады. Орналастыру кезеңінде Банктің артықшылықты акцияларының саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.

Банк өз акцияларын құжаттамасыз нысанда шығаруды жүзеге асырады.

Акция бөлінбейді.

Жай акция дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банкте таза кіріс болған кезде дивидендтер, сондай-ақ Банк таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

Акционерлер - артықшылықты акциялардың меншік иелері акционерлер - жай акциялардың меншік иелері алдында осы Жарғының 4.3-тармағында белгіленген алдын-ала айқындалған кепілді мөлшерде дивидендтер алуға және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) белгіленген тәртіппен Банкті тарату кезінде мүліктің бір бөлігіне де басым құқығы бар. Осы Жарғының 4.3-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді.

Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асырады.

4.2. Банк акционері құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;

2) дербес немесе басқа акционерлермен жиынтығында дауыс беретін акциялардың бес және одан да көп пайызын иеленген кезде Директорлар Кеңесіне АҚ туралы Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

3) дивидендтер алуға;

4) Акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;

5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

6) Акционерлердің жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлер ұсынуға;

7) Банк органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

8) дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін иеленген кезде, АҚ туралы Заңның 63 және 74-баптарында қарастырылған жағдайларда, Банктің лауазымды адамдарының Банкке келтірген залалдарды Банкке өтеуі және Банктің лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Банкке қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге;

9) Банкке өзінің қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және Банкке сұрау салу келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

10) Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы заңда белгіленген тәртіппен Банктің акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

12) АҚ туралы заңда көзделген тәртіппен Акционерлердің жалпы жиналысының қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға.

4.3. Артықшылықты акцияларға иелік ететін Банк Акционері құқылы:

1) акционерлер - жай акциялардың меншік иелері алдында артықшылықты бір акция үшін 100 теңге кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға басым құқыққа. Бұл ретте артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері жай акциялар бойынша нақ осы кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмауы тиіс;

2) Келесі жағдайларда Банкті басқаруға қатысуға:

а) Акционерлердің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарап жатыр. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу қоюға дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі.

Олар бойынша шешім қабылдау артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселелерге мыналар жатады:

- артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту туралы;
- артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібінің өзгеруі туралы;
- артықшылықты акцияларды Банктің жай акцияларына айырбастау туралы;

б) Акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарап жатыр;

в) АҚ туралы заңда белгіленген негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін осы Жарғының 4.12-тармағында белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбеген;

г) Акционерлердің жалпы жиналысы Банк артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер оны Құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені АҚ туралы Заңға сәйкес қарайды.

Артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын Банк акционері акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына қатысуға және өзі қарайтын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

4.4. Дербес немесе басқа акционерлермен жиынтығында Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер бір мезгілде мынадай шарттар болған кезде Директорлар кеңесінің және (немесе) Банк Басқармасының жеке мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға құқылы:

- Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алу мақсатында Банк акционерлерін қасақана жаңылыстыру фактісін соттың анықтауы;

- егер Директорлар кеңесінің және (немесе) Банк Басқармасының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Банк залалдарының туындауына әкеп соққаны дәлелденсе.

4.5. Ірі акционердің келесідей құқықтары бар:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Банктің Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) аудиторлық ұйымның Банк аудитін өз есебінен жүргізуін талап етуге.

Жарғының 4.2-тармағының 2) тармақшасында қарастырылған талаптарды орындау Акционерлердің жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға үшін міндетті.

4.6. Банк акционері міндеттенеді:

1) акцияларды төлеуге;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Банктің акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) Банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.

4.7. Банк айырбасталатын акциялар шығаруға құқылы. Егер Банктің жарияланған акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған көрсетілген бағалы қағаздарды сату ниеті болса, ол бұл туралы шешім қабылданған күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған Банктің органы белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша оларда бар акциялардың санына тепе-тең шарттарда бағалы қағаздарды сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер Банктің акцияларды орналастырғаны (өткізгені) туралы хабарлаған күнінен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде акцияларды не Банктің акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беруге құқылы.

Бұл ретте Банктің жай акцияларын иеленуші акционердің жай акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алуға құқығы бар, ал Банктің артықшылықты акцияларын иеленуші акционердің артықшылықты акцияларды басымдықпен сатып алуға құқығы бар.

Акционер басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акциялардың немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлеуді акцияларды орналастыру басталған күннен кейін күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Жарияланған акцияларды орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген пруденциялық және өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында сатуға ниеті бар Банк, уәкілетті органның талап етуі бойынша акцияларды орналастыру туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз

акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған Банктің органы белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша оларда бар акциялардың санына тепе-тең шарттарда бағалы қағаздарды сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер Банктің акцияларды орналастыруы (өткізуі) туралы хабарлаған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде акцияларды не банктің акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беруге құқылы.

Акционер басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын Банк акцияларына ақы төлеуді оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Жарғының осы тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін акциялардың немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлемеген жағдайда өтінім жарамсыз деп есептеледі.

Банк акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру және одан бас тарту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Банк кредиторлары алдындағы бағалы қағаздарды және өзге де ақшалай міндеттемелерді оның жай акцияларына айырбастау мынадай құжаттардың бірінің негізінде жүзеге асырылады:

- 1) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару анықтамалығы;
- 2) Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында қарастырылған тәртіппен қабылданған Банкті қайта құрылымдау жоспары;
- 3) егер Банкке қатысты Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен оңалту рәсімі қолданылса, оңалту жоспарының жобасы;
- 4) уәкілетті органның «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Банктер туралы Заң) қарастырылған тәртіппен төлемге қабілетсіз Банктер санатына жатқызылған Банкті реттеу жөніндегі шараларды қолдану туралы шешімдері.

4.8. Банктің өздерінің жарияланған акцияларын Бағалы қағаздардың бастапқы нарығында орналастырған кезде сатып алуына жол берілмейді.

4.9. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін таза кіріс акционерлердің жалпы жиналысында айқындалған тәртіппен пайдаланылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекітеді, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдайды және Банктің бір жай акциясына есептегендегі жыл қорытындысы бойынша дивидендтер мөлшерін бекітеді.

4.10. Банктің акциялары бойынша дивидендтер артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда Банктің ақшасымен немесе бағалы қағаздарымен төленеді.

Бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге Банктің артықшылықты акциялары бойынша жол берілмейді.

Банктің акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге мұндай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигациялармен АҚ-тың жазбаша келісімі болған кезде ғана жол беріледі.

Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталған күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.

4.11. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тоқсанның, жартыжылдықтың немесе жылдың қорытындылары бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Тоқсанның, жартыжылдықтың немесе жылдың қорытындылары бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тиісті кезең үшін Банктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады. Банктің жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды. Акционерлердің жалпы жиналысының жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға арналған дивидендтің мөлшері көрсетіледі.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивиденд төлеу басталатын күн;

- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны;
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Дивидендтерді төлеу акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа жүзеге асырылуға тиіс.

4.12. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Банк органының шешімін талап етпейді. Артықшылықты бір акцияға дивидендтер төлеу кезеңділігі және дивидендтің мөлшері Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленеді.

Дивидендтерді алу құқығы бар және Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде өзекті деректемелері бар акционерлерге артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімі басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банк қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы ақпаратты мынадай мәліметтерді көрсете отырып, қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір артықшылықты акцияға дивидендтің мөлшері;
- 4) дивиденд төлеу басталатын күн;
- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

4.13. Орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Банктің меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Банк Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса;

3) Банктер туралы заңда, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - БҚН туралы Заң) көзделген жағдайларда.

4.14. Акционер АҚ туралы Заңда және Жарғының 4.13-тармағында белгіленген негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, Банк берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімақы төленеді.

4.15. Банк акцияларымен мәмілелер жасасу, Банктің бастамасы бойынша және Акционердің талап етуі бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу, сондай-ақ Банктің акцияларымен басқа да операциялар мен іс-қимылдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Банк орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастауды жүзеге асыруға құқылы. Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін Акционерлердің жалпы жиналысы айқындайды.

5. БАНКТІҢ ОРГАНДАРЫ. ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ УӘКІЛЕТТІЛІГІ

5.1. Банктің органдары:

- 1) жоғары орган - Акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акциялар бір акционерге тиесілі болған жағдайда-осы акционер);
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – Басқарма.

5.2. Акционерлердің жалпы жиналыстары акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;

2) Банктің өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері айқындалады;

3) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Банк акционерлеріне Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының мүшелері сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.

5.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде өткізілуі тиіс.

5.4. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) Есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

10) Банктің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына дивиденд мөлшерін бекіту;

11) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеуі туралы шешім қабылдау;

12) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

13) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

14) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлерге хабарлау нысанын айқындау;

15) Банк артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта АҚ туралы Заңға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны Құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

16) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

17) Акционерлерге банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

18) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

19) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

20) нәтижесінде Банк активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне құны Банк активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Банк сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Банктің жасасуы туралы шешім қабылдау;

21) Банктің Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

22) шешім қабылдау АҚ туралы Заңмен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

5.5. осы Жарғының 5.4-тармағының 2)-4) және 15) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысы осы Жарғының 5.4-тармағының 19) тармақшасында көрсетілген орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау бөлігінде мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде, артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі осындай шешім үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.

Егер АҚ туралы Заңда және (немесе) Банк жарғысында өзгеше белгіленбесе, Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

5.6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Банктің басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

5.7. Директорлар кеңесі заңнамамен және (немесе) Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

5.8. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын айқындау немесе Банктің даму жоспарын бекіту;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Банктің аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Банк Басқармасы туралы ережені бекіту;

10) Басқарма басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;

11) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

12) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

13) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банк акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

14) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін, Банк бюджетін, бизнес- жоспарларды және бизнес- жоспарлардың орындалуы туралы есептерді, Банктің ұйымдық құрылымын белгілейтін ішкі құжатты бекіту (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда);

15) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және оларға Банк филиалдары мен өкілдіктерінің орынжайларына байланысты өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, олар туралы Ережелерді бекіту;

16) Банктің акциялардың (басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

18) Банк міндеттемелерінің оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғаюы;

19) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

20) жасалуы туралы шешім АҚ туралы Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді, сондай-ақ Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Банктің мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

21) АҚ туралы заңда, Банктер туралы заңда, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің Жарғысында, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын Банктің Директорлар кеңесі туралы Ережеде көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелер Басқармаға шешу үшін берілмейді.

Директорлар кеңесінің Банк Жарғысына сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

5.9. Директорлар кеңесі міндеттенеді:

1) мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, оның ішінде Банк меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды лауазымды тұлғалар деңгейінде қадағалау және мүмкіндігінше жою;

2) Банкте корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асыру.

5.10. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібі

Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылған (ұсынылған) тұлғалар арасынан;

2) Банктің акционерлері болып табылмайтын және Директорлар Кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалар арасынан сайлайды.

Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшесі АҚ туралы Заңға және (немесе) Банктің Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

5.11. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамды құрайды.

Кем дегенде отыз пайызы директорлар Кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар шектеусіз рет қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін Кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс.

5.12. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күн көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

5.13. Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен

көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ АҚ туралы заңда көзделген жағдайларда бағалаушының есебі қамтылуы тиіс.

5.14. Директорлар кеңесінің төрағасы

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру немесе ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен Директорлар Кеңесінің Төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

5.15. Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібін бекітеді;
2) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізеді және оларға төрағалық етеді;

3) Директорлар Кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес өзінің негізгі міндеттерін орындауын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған кезде оның функцияларын Директорлар Кеңесі төрағасының орынбасары жүзеге асырады.

Директорлар Кеңесі төрағасының орынбасары Директорлар кеңесінің отырысында Директорлар кеңесі мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен оның мүшелері арасынан сайланады.

5.16. Банк Басқармасы:

1) Банк атынан әрекет етеді, оның ішінде оның мүддесін білдіреді;
2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Банк атынан мәмілелер жасайды;

3) Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы қарауына жататын барлық мәселелерді алдын-ала талқылайды, осыған байланысты қажетті құжаттарды дайындайды, Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

4) Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз етеді;
5) Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды қарайды және бекітеді;
6) Банктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер (қаулылар) шығарады және нұсқаулар береді;
7) есепке алуды, есептілікті, ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелерін шешеді;
8) Банк Басқармасы Төрағасының ұсынысы бойынша Банк Басқармасының қарауына енгізілген басқа да мәселелерді қарайды және шешеді;
9) Банк филиалдарының құрылымдық бөлімшелерін ашу, жабу, көшіру және (немесе) қызметін тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды (қосымша орынжайлар);

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес және Банктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5.17. Банктің акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Банк Басқармасының мүшелері бола алады. Банк Басқармасы мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамды құрауға тиіс.

Банк Басқармасының мүшесі тек қана Директорлар Кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Банк Басқармасы мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, сондай-ақ аталған адамның Банкпен жасасатын еңбек шартында айқындалады. Банк атынан Банк басқармасының төрағасымен еңбек шартына Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы немесе оған акционерлердің жалпы жиналысы немесе Банктің Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Банк Басқармасының Төрағасы қол қояды.

Банк Басқармасы Төрағасының атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

5.18. Банк Басқармасының Төрағасы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Банктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оны ұсыну құқығына сенімхаттар береді;

4) Банк қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады, Банктің штат кестесіне сәйкес лауазымдық жалақылар мен жалақыларға дербес үстемеақылар мөлшерін белгілейді, олардың

сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды (Басқарма мүшелері мен осы Жарғының 5.8-тармағының 11), 12) тармақшаларында көрсетілген қызметкерлерді қоспағанда);

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Банк Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;

